

**Нұра ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 31/01 "Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін анықтау туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 09/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 сәуірде № 5283 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 және 37 баптарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұра ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 31/01 "Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін анықтау туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4510 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 қаңтардағы № 1 (5549) "Нұра" газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде 2018 жылы 5 қаңтарда электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Байкен*